

29 қазан
Сәрсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

МИЗАМНЫҢ ШУАҒЫНА ШОМЫЛҒАН МАРАПАТ ПЕН БӘЙГЕ

ҮЙІҢЕ КЕЛГЕН АДАМ ДА, КӨШЕДЕ КЕЗДЕСКЕН АДАМ ДА ЖАСЫ КІШІСІ «АССАЛАУМАҒАЛЕЙКҮМНЕН» СОҢ, «МАЛ-ЖАННЫҢ» АМАНДЫҒЫН СҰРАЙТЫН ҚАЗАҚ ҮШІН АУЫЛ ҚАШАНДА БЕРЕКЕНІҢ БАСТАУЫ! ОҒАН МЫСАЛДЫҢ МЫҢ САНЫН КЕЛТІРУГЕ БОЛАДЫ. АЛ, БҮГІНГІ КҮНІ ХАЛЫҚТЫҢ ӨЛ-АУХАТЫМЕН ӨНІМ САПАСЫНЫҢ ЖАҚСЫ БОЛУЫ - АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТЫ. ЕЛДІГІМІЗДІ ЕСЕЛЕП, МЕМЛЕКЕТТІГІМІЗДІ НЫҒАЙТҚАН ОСЫ ЖЫЛДАРДЫҢ ІШІНДЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОЛДАУЫНЫҢ АРҚАСЫНДА ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛІП ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫН ДАМУЫ МЕН АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ӨЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУДАҒЫ ЖЕТЕКШІ КҮШКЕ АЙНАЛДЫ.



Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев халыққа арналған кезекті Жолдауында ауыл шаруашылығы мәселесін көтерді. Жалпы, ауыл шаруашылығы саласының басты міндеті – елімізді негізгі азық-түлік өнімімен толық қамтамасыз ету екенін атап көрсетті. Қашаннан төрт түлігі тең өрген Ойыл үшін ауыл шаруашылығы өндірістің өзе-гі. Тіршіліктің күре тамыры. Сондықтан да, жылдың төрт мезгілінің «мінезіне» қарамай, осындай еселі еңбектің майданында жүрген майталмандар қандай құрметке де лайық!

Биыл да Ойыл ауданында ауылшаруашылығы қызметкерлерінің күні дала төсінде ат тұяғының дүбірімен үндесіп аталып өтті. Алдымен арнаулы құрылған сахнада еңбек озаттары марапатталды. Ауылдың түтінін түзу ұшырып отырған еңбеккерлерге ізгі лебізін жолдаған аудан әкімі Асқар Қазыбаев ең бірінші ауыл шаруашылығы қызмет-

керлері кәсіби мерекесіне орай ауданның ауыл шаруашылығы саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Астана мен Ақтөбеден келген марапаттарды табыстады. Яғни, еңбек ардагері Темір Сағынғалиевтың омырауына «Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының» 1 дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісін тақса, Талғат Иманғалиевқа осы ұйымның «Елеулі еңбегі үшін» медалын табыстады. Ал, аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің сектор меңгерушісі Мұратбек Әділхановқа «Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі Ақтөбе облысы бойынша филиалы төрағасының «Құрмет грамотасы» берілді.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай, ауыл шаруашылығы саласына қосқан зор үлесі және қажырлы еңбегі үшін шаруа қожалық

қызметкерлері әртүрлі номинациялар бойынша марапатталды.

Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне орай мереке салтанатты сәттен кейін тай жарысына ұласты. Таңғы ызғарға денесі тоңазыды ма, жарауы жеткені ме, тыпыршып, ауыздығымен алысқан тайлар шабандоз балаларға бой бермей, ө дегеннен-ақ көмбенің тұсынан шаңды көтеріп түйдектеле шапты. Атшабар шеңберді көзді ашып-жұмғанша екі айналып шыққан тайлардың ішінен Хромтаудан келген Мәлік Жантерековтің «Қарлығашы» мәре сызығын бірінші кесіп өтіп, бас жүлдеге ие болса, екінші жүлдеде Хромтауға жол тартты. Яғни, «Қарлығаштың» құйрығын тістей келген Мәліктің «Бағаласына» бұйырды. Үшінші жүлде ақтөбелік Жандос Зухайдаровтың «Жаннұр» атты жүйрік тайының еншісіне тисе, төртінші болып мәре сызығын атыраулық Аmandық Талбаевтың «Сұлжирені»

кесіп өтті.

Бейге десе, делебесі қозатын қазақ үшін «Аламан бейгенің» жөні бөлек. Құйрық-жалы таралған сәйгүліктер бес айналым бойы жұптарын жазбай, көрермендердің дегбірін қашырды. Алғашқы айналымда негізгі топтан жарты айналымнан да артық қалып қойып, шабандозын ауыстырған қараталдық Ғалым Көңілқосовтың «Домбыра қасқасы» үш айналымнан кейін-ақ көш бастаған топқа қуып жеткенімен соңғы жағында шалдығып қалды. Ал, алғашқы топтағы бес айналым бойы «бойын жасырған» жүйріктер алтыншы айналымда бауырын жазып, жетінші айналымда желдей ұшты. Нәтижесінде Шалқардан келген Руслан Қойшыбаевтың «Ақбақайы» алдына жан салмады. Мәре сызығын екінші болып ақтөбелік Талғат Нұржігітовтің «Байторысы» кесіп өтсе, үшінші болып атыраулық Сайфолла Жұмағалиевтің «Ақбөкені» келді. Төртінші жүлде хобдалық Сағындық Қосмағамбетовтің «Құтты» тұлпарына бұйырды.

Бейгені тамашалауға келген ағайынның көңілі шат. Қазақтың киіз үйлерінде берекелі дастархан жайылды. Қойнауы құтты Ойылдың жазығындағы тойға жас-көрінің бәрі асығып жеткен. Күздің мизам шуағын төккен күн райы да қолайлы болды.

Бейгемен қатар жігіттер жағы қошқар көтеріп, арқан тартып ұлттық спорт ойындарында бақ сынасты. «Қазақ атамыз айтқандай «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шығып қошқар көтеруде белгілі уақыт бәрінен артық көтерген Нұрхат Аязбаев бас жүлдеге ие болса, арқан тартыста Қаракемердің білекті жігіттеріне тең келер команда болмады.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селпосы.

Ауыл шаруашылық күніне орай Ақтөбе облысы әкімі
Асхат Берлешұлы Шахаровтың алғыс хатымен
марапатталғандар:

1.ОРАЗҒАЛИЕВ ҚАЙРАТ ӨБДІКЕРҰЛЫ - «Тендік» шаруа қожалығының басшысы, Қараой ауылдық округі,
2.ӨМІРҒАЛИЕВ ӨЛІБЕК ИСАҒАЛИҰЛЫ - «Досым» шаруа қожалығының басшысы, Көптоғай ауылдық округі.

Ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіби мерекесіне орай, ауданда ауыл кәсіпкерлік саласын дамытуға қосқан зор үлесі үшін аудан әкімі Асқар Қайыргалиұлы Қазыбаевтың алғыс хатымен марапатталғандар:

«Әлеуметтік жауапкершілігі жоғары кәсіпкер»
номинациясы бойынша:

1.ТӨРЕМҰРАТОВ СПАРТАК ШЕРУЕНҰЛЫ - «Спарта» шаруа қожалығының басшысы, Саралжын ауылдық округі,
2.ЖҰМАБАЕВ ЖӨНІБЕК ЖИЕНБЕКҰЛЫ - «Қоңыр-кете» шаруа қожалығының басшысы, Қараой ауылдық округі.

«Үздік мал азығын дайындаушы» номинациясы бойынша:

1.ОРАЗҒАЛИЕВ ҚАЙРАТ ӨБДІКЕРҰЛЫ - «Тендік» шаруа қожалығының басшысы, Қараой ауылдық округі,
2. ӨМІРҒАЛИЕВ ӨЛІБЕК ИСАҒАЛИҰЛЫ - «Досым» шаруа қожалығының басшысы, Көптоғай ауылдық округі.

«Асыл тұқымды мал өсіруші» номинациясы бойынша:

1.ДИНОЛЛИН ЕДІЛ АРАЛБАЙҰЛЫ - «Айнакөз» шаруа қожалығының басшысы, Сарбие ауылдық округі,
2.МУСИН ҒАЛИ ОҚАСҰЛЫ - «Бақыт» шаруа қожалығының басшысы, Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі.

«Отбасылық шаруа қожалығы» номинациясы бойынша:

1.АҚОНЫСОВ МАНАРБЕК - «Елдос» шаруа қожалығының басшысы, Ойыл ауылдық округі.

«Экологиялық таза өнім өндіруші» номинациясы бойынша:

1.ГАЛҰЯКОВ ЖАНДАС СЕРІКҚАЛИҰЛЫ - «Атамекен» шаруа қожалығының басшысы, Сарбие ауылдық округі,
2.СИРАЖОВ ЕРКЕБҰЛАН МҰХАМБЕТЖАНҰЛЫ - «Сираж» жеке кәсіпкер, Сарбие ауылдық округі,
3.САПАРОВА ҚЫЗҒАЛДАҚ АЙТУҒАНҚЫЗЫ - «Хасан» жеке кәсіпкерлігі, Саралжын ауылдық округі.

«Үздік малшы» номинациясы бойынша:

1.ОСПАНОВ МИРБОЛАТ ЖАҚСЫКЕЛДІҰЛЫ - «Жалақ» шаруа қожалығының малшысы, Көптоғай ауылдық округі,
2.ХАМИТОВ АМАНДЫҚ САҒЫНДЫҚҰЛЫ - «Көбек» шаруа қожалығының малшысы, Қайыңды ауылдық округі,
3.ЫСЫҚБАЕВ НҮРБЕК СЕРІКҰЛЫ - «Жақып» шаруа қожалығының малшысы, Сарбие ауылдық округі.

«Үздік шопан» номинациясы бойынша:

1.СӨРСЕНБИН ЖАНДАРБЕК - «Нұр-Асыл» шаруа қожалығының шопаны, Саралжын ауылдық округі,
2.ХАБАЛХАН ЖАРЛЫХАН - «Әмір» шаруа қожалығының шопаны, Көптоғай ауылдық округі.

«Үздік жылқышы» номинациясы бойынша:

1.ЖАМАНҚҰЛОВ ҚАНТАРБАЙ ӨБДІҚҰЛЫ - «Ақпағамбет» шаруа қожалығының жылқышысы, Қайыңды ауылдық округі,
2.БИСЕНБАЕВ РУСЛАН НАЛЫҚҰЛЫ - «Мүсілім-Агро» шаруа қожалығының жылқышысы, Ойыл ауылдық округі.

«Ауыл аманаты» номинациясы бойынша:

1.СИСЕНҒАЛИЕВ АЛМАТ БАЗАРҒАЛИҰЛЫ - «Жеке кәсіпкер» Ойыл ауылдық округі.

«Үздік механизатор» номинациясы бойынша:

1.ҚОРАЗОВ РУСЛАН ДАКЕСҰЛЫ - «Ақбота» шаруа қожалығының механизаторы, Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі,
2.АЛМАНИЯЗОВ ТАЛАС ТІЛЕМІСҰЛЫ - «Тәжібай-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің механизаторы, Саралжын ауылдық округі.

САЙЛАУ 2025

2025 ЖЫЛҒЫ 26 ҚАЗАНДА ӨТКЕН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТЫНЫҢ ОРНЫНА САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

2025 жылғы 26 қазанда №9 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған Ойыл аудандық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлау өтті.

Сайлаушылар тізіміне 658 азамат енгізілді. Дауыс беруге - 376 сайлаушы, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша - 0, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс – 10 қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны - 3.

Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Ойыл аудандық мәслихат депутатын сайлауының мынадай қорытындылары белгіленді:

№ 9 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

Айтқалиев Сырым Далабайұлы үшін сайлаушылардың 81 дауысы берілді, Бисембаев Мұстафа Ерғалиұлы үшін сайлаушылардың 217 дауысы берілді, Жандау Сәуірбай Өрісбайұлы үшін сайлаушылардың 75 дауысы берілді.

«Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны – 3.

Сайлау қорытындысымен бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Ойыл аудандық мәслихаттың депутаты болып:

№ 9 сайлау округі бойынша – Бисембаев Мұстафа Ерғалиұлы, 1991 жылы туған, «Қараой мектеп-балабақшасы» КММ-нің мұғалімі, Ойыл ауданының тұрғыны сайланды.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ САЙЛАНҒАН ДЕПУТАТЫН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 112-бабының 1-тармағына сәйкес сайлау қорытындысымен №9 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Ойыл аудандық мәслихаттың шығып қалған депутатының орнына Бисембаев Мұстафа Ерғалиұлы, 1991 жылы туған, «Қараой мектеп-балабақшасы» КММ-нің мұғалімі, Ойыл ауданы Қараой ауылының тұрғыны депутат ретінде тіркелді.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы



ЖАС ҰРПАҚҚА БАҒЫТ – ЕҢБЕК ПЕН ӨНЕРДІҢ ӨРІСІ

ЖУЫРДА ОЙЫЛ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ 11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ ҮШІН ЕРЕКШЕ ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ ӨТТІ. ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗЫН НАСИХАТТАУ МАҚСАТЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН БҰЛ ШАРА ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ӨМІРЛІК БАҒЫТ-БАҒДАР БЕРІП, ЕҢБЕК АДАМДАРЫНЫҢ БЕДЕЛІН АРТТЫРУҒА АРНАЛДЫ.



Шараны ұйымдастырған Ойыл қазақ орта мектебінің мұғалімі Әділхан Суқашев кездесудің маңызы мен мақсат-міндеттеріне тоқталып, ашып берді. Кездесу барысында ұлттық өнердің қадірін ұлықтап, оны өз еңбегімен дәлелдеп жүрген қолөнер шебері, жеке кәсіпкер Қуаныш Мергенбаев арнайы

қонақ болды. Шебер өзінің қолөнер жолына қалай келгенін, ұлттық өнердің қыр-сыры мен ерекшеліктерін әңгімелеп берді. Әсіресе, жастарды шыдамдылық пен еңбексүйгіштікке баулудың маңызын атап өтті. — «Нағыз адамды қалыптастыратын – еңбек пен рухани байлық. Ұлттық өнер – ұлттың

жаны. Оны үйрену арқылы өз тамырыңды танысың», — деді Қуаныш Мергенбаев өз сөзінде. Іс-шараның негізгі ұйымдастырушысы – «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының Ойыл аудандық филиалының директоры Жасұлан Ержанов. Ол кездесудің басты мақсаты жастарға түрлі кәсіп түрлерін таныстырып, болашақ мамандық таңдауда бағыт көрсету екенін айтты. — «Қазіргі заманда жұмысшы мамандықтар қоғам үшін аса қажет. Біз жастардың еңбекке деген қызығушылығын арттырып, олардың өз қабілеттерін ашуға мүмкіндік жасағымыз келеді», — деді ол. Кездесуден оқушылар үлкен әсер алып, өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, шебердің қолынан шыққан бұйымдарды тамашалады. Мұндай игі шаралар жастарды еңбексүйгіштікке, ұлттық өнерге құрметпен қарауға баулитыны сөзсіз.

МЕНШҮК ҚҰҚЫҒЫ: ҰҒЫМЫ, ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

АТА ЗАҢЫМЫЗДЫҢ 6 БАБЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІК ПЕН ЖЕКЕ МЕНШІК ТАНЫЛАДЫ ЖӘНЕ БІРДЕЙ ҚОРҒАЛАТЫНДЫҒЫ АЙҚЫН КӨРСЕТІЛГЕН. СОНДЫҚТАН КЕЗ-КЕЛГЕН АДАМ ӨЗ МЕНШІГІН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ ҚҰҚЫҒЫНА ИЕ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.



Аудандық сотқа аталған бағытта заң аясында кеңес алуға көптеген тұрғындар келіп жатады. Жалпы меншік құқығы дегеніміз субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы болып табылады. Меншік құқығы мәміле жасалған кезде болған барлық жүктемелерімен басқа адамға беріледі. Сонымен қатар меншік иесінің өз мүлкін иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы болады. Иелену құқығы дегеніміз мүлікті іс жүзінде иеленуді жүзеге асыруды заң жүзінде қамтамасыз ету. Пайдалану құқығы дегеніміз мүліктен оның пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, сондай-ақ одан пайда табудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі. Пайда кіріс, өсім, жеміс, төл алу және өзге нысандарында болуы мүмкін. Билік ету құқығы дегеніміз мүліктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеудің заңмен қамтамасыз етілуі. Меншік иесі өзіне тиесілі мүлікке қатысты өз қалауы бойынша кез келген әрекеттер жасауға, соның ішінде бұл мүлікті басқа адамдардың меншігіне беріп, иелігінен шығаруға, өзі

меншік иесі болып қала отырып, оларға мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету жөніндегі өз өкілеттігін тапсыруға, мүлікті кепілге беруге және оған басқа да әдістермен ауыртпалық түсіруге, оларға өзгеше түрде билік етуге құқылы. Меншік иесінің өз өкілеттігін жүзеге асыруы басқа тұлғалар мен мемлекеттің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбауға тиіс. Құқықтар мен заңды мүдделерді бұзушылық басқа нысандарымен қатар, меншік иесінің өзінің монополиялық және өзге де басымдық жағдайын пайдаланып қиянат жасауынан көрінуі мүмкін. Меншік иесі өз құқықтарын жүзеге асырған кезде азаматтардың денсаулығы мен айналадағы ортаға келтірілуі мүмкін зардаптарға жол бермеу шараларын қолдануға міндетті. Меншік құқығының мерзімі шексіз. Заң құжаттарында көзделген реттерде, жағдайлар мен шектерде меншік иесі өз мүлкін басқа адамдардың шектеулі түрде пайдалануына жол беру құқығы бар. **Е. АЛТЫБАЕВ, Ойыл аудандық сот өкімшісінің бас маманы - сот отырысының хатшысы.**

БАЛА ТӘРБИЕСІ БӘСЕҢДЕМЕУІ ТИІС!




Ойыл ауданы Шәрбану Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясында «Бала — ата-ананың айнасы, ата-ана — баланың тірегі» атты облыстық оқыту семинары өтті. Іс-шараға дәрігерлер, тәртіп сақшылары, қамқоршылық кеңесінің мүшелері және мектеп мұғалімдері қатысты. Семинар аясында ата-аналар мен педагогтерге арналған секциялық отырыстар ұйымдастырылып, бала тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелер талқыланды. Орталықтың бөлім меңгерушісі Медеухан Жасжанова ата-аналармен кездесіп, бала тәрбиесі, құқықтық сауаттылық, отбасындағы сенім мен түсіністік, ұлттық және адами құндылықтар жайында ой қозғады. Сондай-ақ, ата-ана мен бала арасындағы тиімді қарым-қатынас, психологиялық қауіпсіздік және отбасындағы рөлдік үйлесімділік туралы ұсыныстармен бөлісті. Іс-шара жылы атмосферада өтіп, ата-аналар өзара тәжірибелерін алмасып, баламен байланысты нығайту жолдарын талқылады.

БЮРОКРАТИЯ АЗАЙЫП, ЗАҢДАСТЫРУ ЖЕҢІЛДЕЙДІ: ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ КІМГЕ ТИІМДІ?

САЛЫҚТЫҚ НОРМА КУРЬЕРЛЕРГЕ, ТАКСИ ЖҮРГІЗУШІЛЕРІНЕ, ҚОЛӨНЕРШІЛЕРГЕ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАНДАРҒА АРТЫҚ БЮРОКРАТИЯДАН ҚҰТЫЛЫП, ӨЗ ҚЫЗМЕТІН ЗАҢДАСТЫРУДЫ ЖЕҢІЛДЕТУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

Қазір Қазақстанда экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету шаралары жүзеге асырылуда. Бұл шаралар өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың бюрократиялық жүктемесін азайтуға әрі шағын және орта бизнеске қаржылық қолдауды күшейтуге бағытталған. Негізгі өзгертулер салық заңнамасы мен несиелендіру бағдарламаларына әсер етеді. 2026 жылдан бастап Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі аясында өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнайы салық режимі енгізіледі. Бұл режим жылдық табысы 15 млн теңгеден аспайтын азаматтарды жеке кәсіпкер ретінде тіркелу міндетінен босатады. «Атамекен» ҰҚП атап өткендей, бұл норма курьерлерге, такси жүргізушілеріне, қолөнершілерге және басқа да өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға артық бюрократиядан құтылып, өз қызметін заңдастыруды жеңілдетуге мүмкіндік береді. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар табысының бар-жоғы 4%-ы мөлшерінде бірыңғай төлем төлейді. Бұл мөлшерлемеге зейнетақы жарналары,



ры, медициналық сақтандыру және әлеуметтік аударымдар кіреді. Айлық табысы 1,25 млн теңгеге дейін (жылдық айналымы 15 млн теңге) болатын азаматтар жеке кәсіпкер ретінде тіркелмей-ақ жұмыс істей алады. «Бұрын, мысалы, такси жүргізушілері жеке кәсіпкер ретінде тіркелуге тиіс болатын. Енді бұл талап алынып тасталды және олардың жылдық айналымы 15 млн теңгеге дейін болса, тіркеусіз-ақ еркін жұмыс істеуге болады. Бұл шара Мемлекет басшысының тапсырмасымен қабылданған жаңа Салық кодексіне енгізілді», — деп атап өтті ҰҚП өкілдері.

Сонымен бірге, қазір ресми түрде рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізіміне 46 ЭҚЖЖ түрі енгізілген. Табыс мөлшеріне қойылған шектеулерді және қызметті жеке (жұмысшыларсыз) жүргізу талаптарын ескере отырып, Ұлттық палата қосымша 115 қызмет түрін енгізу жөнінде ұсыныс жіберді. Олардың басым бөлігі жеке тұлға өз бетінше атқара алатын қызметтер: мысалы, курьерлік қызмет көрсету, көшу қызметтері, балаларға күндізгі қарау қызметі, қысқа сақтау мерзімі бар нан-тоқаш өнімдерін өндіру және т.б.

РУХАНИЯТТЫҢ ШАМШЫРАҒЫ СӨНБЕЙДІ!

КІТАП – АДАМЗАТ АҚЫЛ-ОЙЫНЫҢ ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ЖИНАҚТАЛҒАН ҚАЗЫНАСЫ, АЛ СОЛ ҚАЗЫНАНЫ ҰРПАҚТАН ҰРПАҚҚА ЖЕТКІЗУШІ – КІТАПХАНАШЫ. ЖЫЛ САЙЫН 24 ҚАЗАН КҮНІ ЕЛІМІЗДЕ КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІ АТАП ӨТІЛЕДІ. БҰЛ – РУХАНИЯТ ПЕН БІЛІМНІҢ ШАМШЫРАҒЫ БОЛҒАН МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІНЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚҰРМЕТ ПЕН АЛҒЫС КҮНІ.



Кітапханашы – жай ғана кітаптарды сақтаушы емес, ол – оқырманның серігі, білім мен ақпараттың бағыттаушысы. Қазіргі заманда кітапхана тек ғана кітап алмасатын орын ғана емес, ол – мәдени - ағарту орталығы, электронды ресурстарға қолжеткізуге мүмкіндік беретін заманауи білім мекемесі. Осы жолда кітапханашылар үнемі ізденіс үстінде жүріп, жаңашылдыққа ұмтылады. Осы мерекеге орай, 22 қазан күні Ойыл аудан-

дық орталық кітапханасында «Кітапханашы - руханияттың шамшырағы» атты тақырыбында кітапханашылар күні мерекесі аталып өтілді. Кітапханашылардың қоғамдағы маңызын дәріптеу, олардың еңбегіне құрмет көрсету, жас мамандарды рухтандыру және кітапхана ісінің беделін арттыруды көздеген іс шараға көп жылдар бойы халыққа қалтқысыз қызмет еткен ардагер кітапханашылар арнайы қонақ ретінде шақырылды. Қонақтар

өз естеліктерімен бөлісіп, жас әріптестеріне жылы тілектерін арнады. Мерекелік кеш барысында өлеңдер оқылып, әндер шырқалып, үздік кітапханашылар марапатталды. Білімге ұмтылған оқырманның табылар жері – кітапхана, жаңа технология заманында да, кітап адамның ой - өрісіне ықпал жасап, рухани азығы болып қала береді. **Балнұр ҚАЛЫБЕКҚЫЗЫ, Ойыл аудандық орталық кітапханасының кітапханашысы.**

ЖАҢА КЛУБ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

ҚҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ – РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА СӨЗДІҢ КИЕСІН ҰЛЫҚТАҒАН, ОҚЫРМАН ЖҮРЕГІНЕН ОРЫН АЛҒАН, ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ КІТАПХАНАШЫЛАРДЫҢ МЕРЕКЕСІ АТАЛЫП ӨТТІ. ОСЫ МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ, ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНАДА ҚЫЗ – КЕЛІНШЕКТЕРГЕ АРНАЛҒАН «КЕЛ, СЫРЛАСАЙЫҚ!» КЛУБЫ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ. КЛУБ МАҚСАТЫ - ҚЫЗ – КЕЛІНШЕКТЕРДІҢ РУХАНИ, МӘДЕНИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ, ОЛАРДЫҢ ЖАН-ДҮНИЕСІН БАЙЫТЫП, ӨМІРЛІК ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУҒА МҮМКІНДІК ЖАСАУ.

Шараға ардагер кітапханашы Жанат Мамедова мен Лиза Қанатова келіп қонақ болды. Шара барысында клуб өз жұмысын кітапханашылар күніне орай, кітапханашы қыздар алғашқы қызметке орналасқан шақтарын, жұмыс барысындағы қызықты күндерін еске алды. Түрлі сұрақтар қойылып, жауап берілді. Әр бөлім бойынша жұмыс жүрді. «Сюрприз бен марапат» деп аталатын бөлімде байқаулар қорытындысы бойынша сый-сияпаттар беріліп, ҚР ұлттық кітапханасы ҚКО атынан Көсембай ауылдық кітапханасының кітапханашысы Ж. Қойбағарова, Ақкемер ауылдық кітапханасының кітапханашысы Л. Жолшарова, Ойыл аудандық кітапханасының библиографы Г. Ибағалиевалар «Қазақстан-



ның үздік кітапханашысы» төс белгісімен, аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі Г. Қаплиева «Құрмет грамотасымен» марапатталды. «Кел, сырласайық!» жобасы қыз – келіншектердің өзара қызығатын темалық ордасы болмақ. Бұл жоба - әйелдер арасындағы бірлікті нығайтып, ұлттық болмысымызды сақтауға қызмет етеді. Алдағы уақытта клуб өз жұмысын отбасылық құндылықтар, ұлттық тәрбие, әйелдердің шығармашылығы мен өнері бағытында түрлі кездесулер, тренингтер мен шеберлік сағаттарын өткізуді көздеп отыр. **Г. ИБАҒАЛИЕВА, «Кел, сырласайық!» клубының жетекшісі, Орталық кітапхананың библиографы.**

ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН САЛЫҚ РЕЖИМІНІҢ АУЫРТПАЛЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Қазақстанда 2 миллионнан астам кәсіпкердің 1,7 миллионы жеңілдетілген салық режимінде жұмыс істейді. Жаңа салық кодексі өзірлеу барысында осы режимді қолданыстан алып тастау идеясы бірнеше рет көтерілген еді. Кейін Қаржы министрлігі оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимін қолдау үшін 44 қызмет түрін ғана тыйым салынған тізімге қосты. Мұндай шешімге не түрткі болды, кәсіптің келешегі қалай болмақ?



ШАҒЫН КӘСІПКЕ ЖЕҢІЛДІК САҚТАЛАДЫ

Жаңа жылдан бастап кәсіпкерлердің еркін жұмыс істеуіне мүмкіндік беріліп, тексеріс жүргізілмейді. Шағын және орта бизнес өкілдері камералдық бақылаудан алынып тасталады. Сенат депутаты Бибігүл Жексенбаевтың айтуынша, бұдан өзге де өзгерістер бизнестің еркін дамуына мүмкіндік беріп, кәсіпкерлердің қаржылық жүктемесін азайтады. – Жеңілдетілген салық қолынан іс келетін, бірақ қалта-сы жұқа кәсіпкерге арналған. Үй маңындағы дүкен, шаштараз, шеберхана, шағын дәмхана – соның бәрі сол режиммен күнін көріп келді. Бірақ жылдар өте бұл жеңілдікке алыптар да кіріп алды. Көтерме сауда, құрылыс, көңес беру, IT – миллиардтар айналып жатқан салалар «шағын бизнес» атын жамылды. Енді Үкімет бәрін жүйелегелі жатыр. Жеңілдетілген салықты, шын мәнінде, шағын кәсіпке қайтару – басты мақсат, – дейді сенатор. Қарапайым тілмен айтқанда, үй жөндеу, терезе орнату, сырлау, шатыр жабу секілді тұрмыстық қызметпен айналысатындар үшін жеңілдетілген салық тәртібі сол күйінде қалады. – Халықпен тікелей жұмыс



істейтін дүкендер, базарлар, дәмханалар мен дәрханалар сол бұрынғы қарапайым салық жүйесінде қала береді. Нәзік салалар назардан тыс қалмады. Балабақшалар, спорт пен өнер үйірмелері, тіл курстары сол қалпында жеңілдетілген жүйеде жұмыс істей береді. Өйткені бұл қызмет түрлері әр отбасының өмір са-

пасына тікелей әсер етеді. Салық жеңілдігі – бұл жолы тек экономикалық емес, әлеуметтік қамқорлықтың белгісі. Ауылдағы ағайын да енді еңбегінің жемісін көбірек көруге мүмкіндік алады. Шаруа қожалықтары мен фермерлер бұрынғыдай жеңілдетілген салық жүйесінде қала береді. Ал бірыңғай жер салығы олардың мойнындағы ауыртпалықты жеңілдетпек. Шығармашылықтың да өз нарығы бар. Кино мен музыка, дизайн мен сурет, мәдени-

ет пен өнер – бұлардың бәрі халыққа рухани азық береді. Сондықтан креативті бағыттардың көбінде жеңілдетілген жүйе сақталды. Бұл мемлекеттен жастарға, өнер адамдарына жолданған сенім сигналы деуге болады, – дейді депутат.



Жеңілдетілген салық режимінде кәсіпкерлер табысының 2-4 пайызы ғана салық ретінде төленеді. Бұл жүйеде есеп беру де жеңілдетілді, оны жарты жылда бір рет тапсыру жеткілікті. Экономист Айбар Олжаевтың пікірінше, жеңілдетілген салық режимі – ең тиімді салық формасы.

– Алдағы уақытта бұл салық режимі жойылса, қызмет көрсету саласы айтарлықтай қиындыққа тап болады. Сондықтан үкімет бұл режимді жоюға қадам жасамайды деген ойдамын. Сонымен қатар жеңілдетілген салық жүйесі – өліміздегі шағын және орта бизнестің негізгі тірегі, – дейді экономист.

В2В СЕКТОРЫН НЕ КҮТІП ТҰР?

Жаңа Салық кодексі шағын және орта бизнес үшін арнайы салық режиміндегі артық шектеулерді алып тастайды. Енді тыйым салынған қызмет түрлерінің саны 795-тен 44-ке дейін қысқарады. Экономист Айбар Олжаевтың айтуынша, 2000 шаршы метрден асатын дүкен иелері, құрылыс саласының басы-қасында немесе мұнай өнеркәсібі маңайында жұмыс істейтін кәсіпкерлер жалпыға бірдей салық режимі-

не өтеді. – Тыйым салынған 44 қызмет негізінен В2В секторына қатысты. Бұл қызметтерді орындайтын жөке кәсіпкерлер (ИП) ортақ салық режиміне өтуі тиіс, онда 10 пайыз салық қарастырылған. Ортақ режим-

мен жұмыс істемеген жағдайда ірі компаниялар олармен келісімшартқа отырмауы мүм-



кін, өйткені жеңілдетілген салық режимімен жұмыс істеген жөке кәсіпкерлердің келісімшарттары ірі компаниялардың салық шегеріміне жатпайды. Сондықтан компанияларға «жеңілдетілген» салық режиміндегі кәсіпкерлермен жұмыс істеу тиімсіз. Қазір нарықта осы қағида беки түсті, – дейді экономист. Кәсіпкер Жанар Сүлейменова реформаның бизнеске үлкен пайдасы бар екенін атап өтті. – Шағын және орта бизнес үшін үлкен жеңілдік жасалып отыр деп есептеймін. Әсіресе, бастауыш кәсіпкерлерге бизнесін дамытуға мүмкіндік бе-

ретін маңызды өзгерістер бар. Сондай-ақ, жиі жүргізілетін камералдық және жоспардан тыс тексерістерден босатылдық, – дейді кәсіпкер.

Сонымен қатар жаңа салық реформасына сәйкес өңірлерде өзгеріс бар. Енді жергілікті мәслихаттар жеңілдетілген салық режимі бойынша 2%-дан 6%-ға дейінгі мөлшерлемені өздері белгілей алады. Бұл кейбір аймақта кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасаса, басқа өңірде салық мөлшері артуы мүмкін. Экономист Айбар Олжаевтың пікірінше, ол жергілікті биліктің кәсіпкерлікті дамытуға деген ұстанымына байланысты.

– Қазір мемлекет бизнеске сенім артты. Соңғы 6-7 жылда шамамен бір миллион жаңа кәсіпкер пайда болды. Олар көлеңкеден шығып, мемлекетке салық төлеп, ашық жұмыс істеп жатыр. Бұл – үлкен сенімнің белгісі, – дейді Айбар Олжаев.

САЛЫҚ КОДЕКСІНДЕ БЮРОКРАТИЯ АЗАЙҒАН

Жаңа Салық кодексі бизнес пен мемлекет арасындағы қатынасты түбегейлі жаңғыртуға бағытталған. Бұрын салық жүйесі көбіне тексеру мен айыппұлға негізделсе, енді кәсіпкерлерге қолдау көрсету мен қызмет көрсету басымдыққа ие. Қазір компанияны тіркеуден бастап, оны жабуға дейінгі кезеңдерде кәсіпкерлерге жан-жақты көмек көрсетіледі. Не өзгерді? Кодексте бюрократия азайып, есеп беру түрлерінің саны қысқарды, ал салықтар мен төлемдер 20%-ға азайды. Сонымен қатар жеңілдетілген салық режимі тек өзін-өзі жұмыспен

қамтығандарға, декларация негізінде жұмыс істейтіндерге және ауыл шаруашылығына

ЕҢБЕК МАЙДАНЫНЫҢ ЕРІ

Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің ұйымдастыруымен 23 қазан күні Ойыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Серікбай Төлеубаевтың туғанына 115 жыл толуына орай «Алғашқы хатшы» тақырыбында тарихи – танымдық шарасы «Ата жұрттың шежіресі киелі де, қастерлі» атты тарих залында ұйымдастырылды. Шара барысында өмірбаяны, қызметтік кезеңдері, Ойыл ауданына жасаған игі істеріне, естеліктерге байланысты бейнебаяндар мен слайдтар көрсетіле отырып, көз көрген аудан тұрғындары мен Ойыл ауданының құрметті азаматтары, ағайын-туысқандары, ұрпақтары қатысып, естелік әңгімелерін жеткізді.

Алғашқы болып Астана қаласынан келген белгілі қаламгер, Ойыл ауданының құрметті азаматы, «Ойыл» кітабының авторы Сырым Бақтыгереев С.Төлеубаевтың озық тәжірибесі, басшылық жасаған жылдарында жеткен жетістіктері, ұрпақтары туралы өзінің естелігімен бөліссе, С.Төлеубаевтың Ойыл аудандық партия комитетінің 1-ші хатшысы болғаны мен «Жетікөл» кеңшарындағы қызметі туралы Ойыл ауданының құрметті азаматты, зейнеткер Ғазиз Займолдаұлы баяндады.

Серікбай Төлеубаев 1944 жылдың 1-ші наурыз айынан 1952 жылдың 10-шы тамызына дейін Ойыл аудандық партия комитетінің 1-ші хатшысы болып қызмет атқарған. Осы жылдар аралығында Ұлы Отан соғысының ауыр да, шешуші соңғы екі жылында аудан еңбекшілерін майданнан қалжыраған халық шаруашылығын қайта қалпына келтіруге аянбай еңбек еткен. Нәтижесінде Ойыл ауданынан үш бірдей Социалистік Еңбек Ері шығып, аудан мақтанышына айналды. Соғыс жылдары Ойыл халық театрының жұмысына да көңіл бөліп, мәдениетке де өз үлесін қосқан.

1948-1950 жылдары «Қиыл», 1951-1953 жылдары «Тамдықөл», 1951жылы Жекенді өзенінің бойынан «Тауасар» бөгеттерін салуға халықты жұ-

мылдырып, басшылық еткен азамат.

1948жылы Серікбай Төлеубаев «Социалистік еңбек ері» марапатына ұсынылған. Ол ұсыныстан бас тартып, «Еңбек Қызыл ту» орденіне қанағат еткенін сол кездері партия қызметінде болған Айсәуір Сүкәшевтің өз естелігінде мынадай деректермен баяндайды: «Жалған айтып Еңбек ері атанып, барша елге атағымды шығарғанша, істе де, сөзде де адал, әділ болып, өзім тұрған жер халқының сый-құрметіне бөленсем, одан асқан абырой-атақтың қажеті де жоқ». Бұл азаматтың тазалығы, адалдығы.

1955жылы ауыл шаруашылығын басшы кадрлармен нығайту жөніндегі Орталық партия Комитетінің қаулысына сәйкес, Ойыл ауданының ірілендірген Жамбыл атындағы колхозына төраға болып, екі жылда 5 фермасы бар Саралжын совхозын құрған. 1958 жылға дейін директор қызметін атқарған. Зейнет демалысына шыққанша мал шаруашылығы құлдыраған «Жетікөл» совхозына партия комитетінің хатшылығына сайланған. 5 жыл ішінде совхоздың шаруашылығын көтеріп, «Еңбек Қызыл Ту» орденін алуына үлкен үлес қосқан азамат.

Ол партия қатарында 50 жылға таяу уақыт болса, соның 32 жылын Ойыл ауданы еңбекшілерінің арасында өткізіп, 1977жылы 14 қарашада 67 жасында, туған жерінде бауыр басқан Ойыл ауданында дүниеден озған.

Ұлы Отан соғысының 1дәрежелі «Еңбек Қызыл Ту» ордені және бірнеше медальдармен Қазақ ССР Жоғары Советінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Ойыл ауданының түлеуіне қызмет етіп, табандылықпен еңбек етіп, елдің тыныс-тіршілігіне белсене араласқан, еңбегімен үлгі бола білген осындай азаматтардың өмірі кейінгі буын үшін өнеге.

Дулат ИСАБАЕВ, Шығанақ Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің директоры.

ВАКЦИНА – ҚОРҒАНЫШ КЕПІЛІ

ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ УАҚТЫЛЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУҒА ЖӘНЕ ЖЕКЕ ГИГИЕНА ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚАТАҢ САҚТАУҒА НЕГІЗДЕЛГЕН. ИНФЕКЦИЈАЛАР ДҮНИЕ ЖҮЗІНДЕ АУРУ МЕН ӨЛІМНІҢ БАСТЫ СЕБЕБІ.

Оларға әсіресе жас балалар, қарт адамдар, созылмалы аурулары бар науқастар, онкологиялық аурулардан емделетін немесе имуносупрессиялық препараттарды қабылдайтын науқастар, имунитет тапшылығы бар науқастар осал. Кез-келген басқа да аурулар сияқты жұқпалы ауруларды емдегеннен, болдырмау оңай. Оның жолы - екпе жасау, шынығу, таза ауада серуендеу, спортпен шұғылдану, дұрыс тамақтану, жеке бас тазалығын сақтау, зиянды әдеттерден бас тарту, қоршаған ортаны қорғау. Жұқпалы аурулардың алдын алу, таралуын шектеу және жою мақсатында екпе жасау арқылы иммунопрофилактика

жүргізіледі. Аурудың алдын-алудың қандай әдісі болмасын, ол дертті болдырмауға мүмкіндік беретіні өте маңызды.

Жұқпалы аурулардың алдын алу және олардың таралуы келесі шараларды қамтиды:

- дененің гигиена мен дене шынықтыруға төзімділігін арттыру;
 - профилактикалық егулерді салу;
 - карантиндік іс-шаралар;
 - инфекция көзін емдеу.
- Жұқпалы аурулардың алдын алудың ең тиімді әдісі - егу.

Ғ. ҚҰБАЕВ, Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Ойыл аудандық мәдениет қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы "Шұғыла" мәдениет және демалыс орталығының күзетшісі Кенғанов Сағынтайға анасы Жаңғақтың

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1332 дана. Тапсырыс 1223 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

КӨШБАСШЫ ҰСТАЗ - УАҚЫТ ТАЛАБЫ



Ұстаз – ұлт болашағын қалыптастыратын тұлға. Өз ісіне адалдықпен қарап, кәсіби біліктілігін үздіксіз жетілдіріп жүрген мұғалімдер - білім саласының тірегі. Осындай ұстаздардың бірі - Ш. Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназия директорының бейіндік жұмыс жөніндегі орынбасары Гүлжазира Тотаева. Гүлжазира Серікқызы «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» атты жоба аясында барлық кезеңдерден абыроймен өтіп, ҚР Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменованың шешімімен Республикалық кадр резервіне қабылданды.

Бұл - ұстаздың білімі мен тәжірибесінің, қажырлы еңбегі мен көшбасшылық қасиетінің нақты бағалануы. Өз ісіне зор жауапкершілікпен қарайтын, шәкірт тәрбиесінде жаңашыл әдістерді тиімді қолдана білетін Гүлжазира Серікқызы – әріптестері мен жас мамандарға үлгі, шәкірттеріне шабыт берер тұлға. Білім саласындағы жаңашыл бастамаларды жүзеге асыруға атсалысып жүрген жерлесіміздің бұл жетістігі – ауданның да абыройын асқақтатқан қуанышты жаңалық.

ҚҰРМЕТ ПЕН МАРАПАТ

ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ АУДАНЫНДА РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ «ЕҢБЕК. МӨРТЕБЕ. ҚҰРМЕТ» ТАҚЫРЫБЫНДА САЛТАНАТТЫ ШАРА ӨТТІ. БҰЛ КҮН – АУДАННЫҢ ӨР САЛАСЫНДА АЯНБАЙ ЕЛБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН ЖАНДАРДЫҢ ЕҢБЕГІН ЕЛЕУ МЕН ОЛАРҒА ДЕГЕН РИЗАШЫЛЫҚТЫ БІЛДІРУДІҢ АЙҒАҒЫ БОЛДЫ.



Шара барысында ауданның білім саласында қызмет етіп жүрген кіші қызметкерлердің еңбегі де ерекше атап өтілді. Олар мектептердің тазалығы мен тәртібін сақтап, оқу орда-сының жайлы әрі қауіпсіз болуына өз үлесін қосып жүрген жандар. Күн сайынғы еңбегі көзге көп көрінбегенімен, олардың қызметі – білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі екені айқын. Мерекелік жиында аудан әкімінің орынбасары, аудандық білім бөлімінің басшысы және аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы ұйымының төрағасы сөз сөйлеп, барша қатысушыларды Республика күнімен құттықтады. Олар өз сөздерінде еңбегімен елдің игілігіне үлес қосып жүрген әр қызметкер құрметке лайық екенін ерекше атап өтті. Салтанатты сәтте білім саласындағы кіші қызметкерлердің бірқатарына аудандық кәсіподақ ұйымы тарапынан шипажайға жолдамалар табысталды. Бұл олардың көп жылғы адал еңбегіне берілген лайықты марапат, әрі рухани қолдау. Жиын соңы мерекелік концертке ұласты.

КӨК БАЙРАҒЫМЫЗ – ЕЛДІК ПЕН ЕГЕМЕНДІЛІКТІҢ АЙҒАҒЫ

Өткен апта мереке қарсаңында аудан орталығында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеру салтанатты рәсімі өтті. Бұл іс-шара 25 қазан – Республика күніне және Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның қабылданғанына 35 жыл толуына орай ұйымдастырылды. Салтанатты рәсімге аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы, аудандық мәслихат депутаттары, мекеме және бөлім басшылары, жастар, мектеп мұғалімдері меноқушылары және жұртшылық өкілдері қатысты. Шара Мемлекеттік Әнұранмен ашылып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы салтанатты түрде көтерілді. Бұл сәт еліміздің егемендігі мен бірлігін айрықтап, қатысушыларға зор рух пен патриоттық сезім сыйлады. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев өз құттықтау сөзінде Республика күні – мемлекеттілігіміздің қалыптасуы мен тәуелсіздігіміздің символы екенін атап



өтті. «Көк Ту – елдігіміздің, бірлігіміздің және бейбіт өміріміздің нышаны. Оны биікке көтеру – әрбір қазақстандықтың парызы мен мақтанышы», – деді аудан басшысы. Рәсім соңында қатысушылар Мемлекеттік Туға құрмет көрсетіп, еліміздің абыройы мен

«ҚАЗАҚСТАН - БЕЙБІТШІЛІК МЕКЕНІ»

Республика күнінің тарихы Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан басталады. Қазақстан Республикасына ерекше ықпал еткен тарихи маңызы жоғары оқиғалардың бірі. 1990 жылы 25 қазанда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының жоғарғы кеңесінің шешімімен «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» декларацияның қабылдануын айтуға болады. Осы құжат еліміздің тәуелсіздік алуына жол ашты. Декларацияда Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланып, мемлекеттің бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі және жеке территориясы айқындалды.

Сонымен қатар, 1995 жылдың қазан айының 18 күні Республика күні «Ұлттық мереке» болып жарияланған-ды. Бірақ, 2009 жылы мерекелер қатарынан мүлдем алынып тасталды. 2022 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күнін қайтаруды ұсынып, бұл күнді «Ұлттық мереке» мәртебесінде атап өту туралы бастама көтерді. Мемлекет басшысының бастамасын халық қолдады және



заңға тиісті өзгерістер енгізілді. Нәтижесінде Қазақстан халқы қайта жаңғырған Республика күнін қазан айының 25 күні атап өтетін болды. Бұл күн мерекелер тізіміне енген елдегі жалғыз ұлттық мейрам. Сондықтан, маңызы бөлек – «Ұлттық мереке» қарсаңында Ойыл ауданында ауқымды шаралар ұйымдастырылды. Тағылымы мен тартуы мол шаралар мерекелік салтанатпен мәреге жетті. Аудандық мәдениет үйінде өткен салтанатты сәтте алдымен жұртшылықты аудан әкімі Асқар

Қазыбаев құттықтап, қоғамдық қызметімен ауданның әлеуметтік экономикалық дамуына елеулі үлес қосқандарға облыс әкімінің және өз атынан бірнеше алғыс хаттарын табыстады. Әсіресе, қарапайым еңбек адамдарының марапатталуы мерекелік салтанатқа жиналғандардың тарапынан қызу қолдауға ие болды. Еліміздің егемендігіне себеп болған Республика күні мерекесінің маңызын ұғындырып, жастардың бойында патриоттық сана-сезім қалыптастыру үшін жігеріңді жанып, рухыңды

көтеретін әнмен өріліп, күймен көмкерілген кештен көрермендер риза көңілмен тарады. Республика күні - елдікті нығайтатын, ұлтты ұйыстыратын ұлық мереке, оның мәні мен маңызы тереңде екеніне тағы да көз жеткіздік. Ең әуелі егемендіктің негізі, елдіктің іргесі қаланған ұлттық мерекенің тарихы терең, тағылымы тұңғық. Республика күнін ұлықтау арқылы еске-лең ұрпақты өрелі бағытқа жетелеп, елін, жұртын сүйетін елжанды буын тәрбиелеу біздің басты міндетіміз!

«МӘҢГІЛІК ЖАСА, ҚЫРАН ЕЛІМ - ҚАЗАҚСТАНЫМ!»

ӨТКЕН СӨРСЕНБІ КҮНІ «ШҰҒЫЛА» МӘДЕНИ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА 25 ҚАЗАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН «МӘҢГІЛІК ЖАСА, ҚЫРАН ЕЛІМ – ҚАЗАҚСТАНЫМ!» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК МӘДЕНИ ШАРАСЫ ӨТТІ.

Шара Республика күні мерекесін кең көлемде атап өту, еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін айқындайтын тарихи күннің мән-маңызын жас ұрпаққа ұғындыру, отансүйгіштік сезімді қалыптастыру және ұлттық рухты дәріптеуді мақсат етті. Мерекелік шара Алаш арыстарына арналған композициямен ашылып, олардың ел мен жер тағдыры туралы ұлағатты сөздері көрерменге үлкен ой салды. Сахна төрінде жүргізушілер тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихы мен егемендікке жету жолындағы маңызды кезеңдерге тоқталды. Іс-шара барысында аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев сөз сөйлеп, аудан тұрғындарын Республика күнімен құттықтап, елдің дамуы мен бірлігі жолында аянбай еңбек етіп жүрген азаматтарға алғысын білдірді. Мерекелік кеш барысында бейнебаяндар көрсетіліп, еліміздің мемлекеттік рәміздері мен тарихи жетістіктері жайында деректер ұсынылды. Көрініс барысында балалар мен жасөспірімдер елімізге деген сүйіспеншілігін, Отанға деген құрметін көркем түрде жеткізді. Іс-шара соңында барша қатысушылар сахнаға шығып, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен жарқын болашағына арналған ізгі тілектерін білдіріп, мерекелік салютпен қорытындыланды. Бұл шара – егемен еліміздің тарихына тағзым етіп, елдік пен бірлік идеясын ұлықтаған мәнді де мазмұнды мәдени оқиға болды.



АУЫЛДЫҢ ЫРЫСЫ - ЕҢБЕК ПЕН БЕРЕКЕ



Құз – табиғаттың ғана емес, еңбек адамдарының да жемісін берер берекелі мезгіл. Осыған орай 24 қазан күні Ойыл аудандық мәдениет үйінің алдында ауыл өмірінің ажарын айшықтаған дәстүрлі ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтті. Таңғы сағат 9:00-де басталған жәрмеңке алаңы бір сәтте қызу тіршілікке толды. Қолөнер бұйымдарының сәні, ауылдан әкелінген таза өнімдердің хош иісі мен халықтың шат көңілі бір-бірімен жараса үйлесіп, ерекше еңбек мерекесіне айналды. Жәрмеңкеде ет, сүт өнімдері, балық, көкөніс, бал, жем-шөп секілді түрлі ауылшаруашылық өнімдері ұсынылды. Барлығы да табиғи, таза әрі қолжетімді бағамен сатылды. Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің маңдай терімен келген өнімдері көпшіліктің

көңілінен шығып, тұрғындар өз ризашылықтарын білдіріп жатты. Береке мен ырысқа толы бұл шара ойылдықтардың бірлігі мен еңбекқорлығының айқын көрінісіне айналды. Өр ауыл өз өнімін ұсыну арқылы туған жердің берекелі байлығын паш етті. Келушілер тек сауда жасап қана қоймай, әңгіме-дүкен құрып, уақыт өткізді. Қоңыр күздің салқындығына қарамастан, алаңдағы әр жүзден қуаныш пен ризашылық сезілді. Бұл жәрмеңке - ауыл адамдарының еңбегіне деген құрмет, туған жердің ырысы мен байлығын дәріптеген мереке іспетті болды. Иә, ауылдың ырысы - еңбекте, ал еңбектің жемісі - елдің берекесінде. Осындай игі дәстүр жалғасын тауып, еңбек адамдарының мерейі әрдайым үстем болсын!

Г.АБАЙҚЫЗЫ

«ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ – ҰЛТ ҚОРҒАНЫ»

КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ

ҚАЗІРГІ ЖАҒАНДАНУ ДӘУІРІНДЕ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС ПЕН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ САҚТАУ – КЕЗ КЕЛГЕН ХАЛЫҚТЫҢ БАСТЫ МІНДЕТТЕРІНІҢ БІРІ. ОСЫ ТҰРҒЫДАН АЛҒАНДА РАЙГҰЛ СЕРҒАЛИЕВА МЕН МӘДИНА ЖАЛҒАСБАЕВА АВТОРЛЫҚ ЕТКЕН «ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ – ҰЛТ ҚОРҒАНЫ» АТТЫ ЕҢБЕКТІҢ ЖАРЫҚ КӨРҮІ ҚОҒАМЫМЫЗ ҮШІН АЙРЫҚША МАҢЫЗДЫ ОҚИҒА БОЛЫП ӨТІР.

Кітапта ұлттық сана мен мәдени мұраның мәні кеңінен талданып, ұлттық тәрбиенің қазіргі заманғы жастар бойында адамгершілік, патриоттық сезімді қалыптастырудағы орны айқын көрсетіледі. Авторлар зерттеу барысында қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы мен тарихи тәжірибесін заманауи көзқараспен зерделеп, ұлттық құндылықтарды бүгінгі қоғам өмірімен сабақтастыра сипаттайды. Туындының басты мақсаты – ұлттық рух пен адамдық қасиеттердің өзара байланысын ашу, ұлт болашағының кепілі саналатын рухани имунитетті нығайту. Кітапта отбасы тәрбиесі, тіл мәдениеті, ұлттық бірегейлік және рухани

жаңғыру секілді тақырыптар жүйелі түрде қарастырылған. Бұл еңбектің ерекшелігі – тек теориялық талдаумен шектелмей, нақты мысалдар мен өмірлік тәжірибелер негізінде ой қорытындыларын ұсынуы. Таныстырылым барысында оқырмандар мен қонақтар авторлардың еңбегіне жоғары баға беріп, ұлттық сананы сақтау – әр азаматтың борышы екенін атап өтті. Шара барысында аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев шығармашылық табыс тілеп, Алғыс хат пен 200 000 теңге көлемінде ақшалай сыйлық табыс етті. Сондай-ақ, келген қонақтарға ақ жаулықты әже-леріміз кәжекей жауып, гүл шоғын ұсынып, ұлттық дәстүр

мен ізгі ықыластың көрінісін паш етті. «Ұлттық құндылық – ұлт қорғаны» – бұл тек ғылыми еңбек емес, рухани бағдар, елдік ұстаным мен ұлтқа деген сүйіспеншіліктің айғағы. Авторлардың идеясы – «ұлттық құндылықты сақтау арқылы ғана ел болашағын қорғауға болады» деген терең ойға негізделген. Осы кітап әрбір оқырманды өз тамырына, өз болмысына үңілуге, ата-баба аманаты болған рухани мұраның қадірін ұғынуға шақырады. Ұлттың ең үлкен байлығы – оның құндылықтарында. Ал сол құндылықты дәріптеу – әрбіріміздің азаматтық парызымыз.

Өз тілшіміз